

## СЕКЦИЯ 10 ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

### Подсекция 10.1 Проблемы и перспективы развития правового государства в Республике Казахстан в условиях модернизации общественного сознания

УДК 341.14

#### ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Амангелдиева Ақерке Ринадқызы

[amangeldievaakerke02@mail.ru](mailto:amangeldievaakerke02@mail.ru)

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Заң факультетінің 3 курс студенті, Ққ-31 тобы,*

*Нұр-сұлтан қ., Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі - И.С. Сактаганова*

Барлық діндер мемлекетте тең құқылы болып табылады және мемлекеттің зайырлы сипаты заңнамалық шеңберде жүзеге асыруды талап етеді. «Зайырлылық» ұғымының кең ауқымы бар. Қазіргі зайырлылыққа, ең алдымен, гуманистік құндылықтар, соның ішінде адамның ар-ожданы мен сенім бостандығы кіреді. Зайырлылық діни таным мен теріске шығару немесе олардың қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлі. Мемлекеттің зайырлы сипаты дінді жоққа шығармайды. демократиялық бағытты ұстанушы ел ретінде Қазақстан экстремистік сипаттағы ағымдардан өзге қандай да бір діннің немесе діни ағымның қызметіне тосқауыл қоймайды. Бұл мәселе көптеген халықаралық актілер мен қолданыстағы заңдарға қайшы келмеуі тиіс. Әйтсе де, кейбір азаматтардың түрлі келісімдерді діни ағымдардың жетегінде кету фактілері орын алуда. Сондықтан, Қазақстан қоғамы үшін діни ағарту жұмысын жүргізу – өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда осы салада ел азаматтарының дүниетанымына қажетті білімнің әлі де жетіспейтіндігі байқалады. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының аталмыш мәселеге қатысты қажетті қосымша заңнамалық актілерінің жетілдірілуі – заман талабы[1].

Әрине, қоғам болған соң, сол қоғамдағы адамдар ұстанатын белгілі бір діннің болуы табиғи құбылыс. Сондықтан, адамдар өздерінің қарым қатынастарын сол діннің қағидаларына негіздейді. Тарихта дінді ұстанбайтын адам болғанымен, діннен тыс қалған қоғамның болмағандығы ақиқат. Олай болса, ең маңызды мәселе қоғамды діннен ажырату емес, керісінше дінді қоғамда дұрыс қалыптастыру, адамдарға дұрыс мәліметтер беру, днді ешқандай бір күштің немесе саясаттың құралына айналдырмай, тазақалпында, халықтың рухани құндылықтарына сай етіп жеткізу әр қоғамның мәдени рухани міндетіне жатады және әрбір саналы азаматтың парызы болып табылмақ.

Дін мәселелері қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды да күрделі болып табылады. Дін қоғам өмірінің барлық жақтарына әсер етіп, қоғамдық дамуға зор ықпал етеді. Сондықтан дін жайлы дұрыс көзқарасты, түсінікті қалыптастыру зайырлы дәни білім берудің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Адамның ғаламды, қоғамды, өзін, қоршаған ортадағы жеке құбылыстар мен процестерді тануға деген талпынысы сарқылмас және мәңгілік құбылыс. Жинақталған ғылыми ақпарат қоры, жаратылған және гуманитарлық ғылым салаларының саны қисапсыз болса да, таным процесі жалғаса береді. Адамзаттың жинақтаған білімдерін барлық ауқымын қамту мүмкін емес. Бірақ, белгілі бір ғылымның негізгі ұстанымдары, қағидалары,

ұғымдары мен деректерін меңгере отырып, адам сол ғылымның әлеміне енеді, меңгергенін кейін өзінің практикалық өмірінде, жеке бағдар табады. Өз саласында табысты қызмет ету үшін маманға қажетті арнайы білімдер бар. Бірақ әрбір адамның тұлға ретінде бекуі үшін, оның рухани мәдениетінің қалыптасуы үшін меңгеруге маңызды ұғымдар, идеялар, деректер бар. Осындай білімдердің қамтитын саласы дінтану болып табылады[2].

Қазақ мемлекеті құрылған кезеңінен бастап мұсылмандық құқықтық нормаларға жүгінді. Керей мен Жәнібектен бастап барлық қазақ хандары ең соңғы хан Кенесарыға (1847ж. қайтыс болды) дейін шарифатқа жүгінетіндіктерін атап кеткен. Қасым хан мен Есім хан қабылдаған көшпелі мемлекеттің дала заңдарына шарифаттың үлкен ықпалы болды. Тәуке ханның (шамамен 1718 ж. қайтыс болған) «Жеті Жарғы» заңдар кодексін қабылдауы исламның қоғамдық өмір мен заңдық тәжірибеде қолданылуына айтарлықтай үлкен қадам болды. Бұл – мемлекеттің ислам дінін қолдағанын дәлелдейді. Алайда, хандықтың істері толығымен шарифатпен жүргізілгені жоқ; Тәуке ханның «Жеті жарғысындағы» 34 тармағының тек 3-еуі дінге қатысты болса, 31-і адам құқықтары мен қоғамдық қатынастарға арналған. Қазақ хандары ел билеуде қожа-молдаларға емес, ел билерінің кеңестеріне жүгініп отырғаны тарихтан белгілі. Яғни динияуи істер дін ұстанымдарына ғана емес, нақты жағдайлар мен әдет заңдарына да сүйеніп, шешімін тауып отырды. Қазақ хандығында қалыптасқан қоғамның құрылымы заңды түрде бекітіліп, жүз бен руға бөлінбейтін ақсүйектерге басымдық берілді. Шыңғыс ұрпағынан тараған төрелер мен Мұхаммед пайғамбар және оның төрт халифасының ұрпақтары деп есептелетін қожалар ақсүйектер қатарына жатты. «Жеті Жарғы» заңдар жүйесінде қожалардың әлеуметтік дәрежесін ерекшелеу ислам дінінің жоғары әлеуметтік деңгейін көрсетеді. Қазақ хандығында дінбасылар ешқашан мемлекет басшысы болмаған, бірақ хандық кезеңде билер кеңесі, сонымен қатар ислам өкілі қатар әрекет етті. Хан екі жақты шешімді негізге ала отырып, шешім қабылдаушы рөлін атқарды. Хан ешқашан молдалар ісіне және молда да хан ісіне араласпайтын тәртіп қалыптасты.

КСРО ыдырап, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы қабылданды. Заңда көрсетілген талаптар мен көзделген мақсаттар сол кезеңдегі қазақстандық қоғамның нақты жағдайына негізделді. Мемлекеттің басты байлығы адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан, діни сенім бостандығы азаматтардың конституциялық құқықтарының қатарында орын алды. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған ҚР Конституциясына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да мән-жайлар бойынша азаматтарды кемсітуге тыйым салынады.

ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. «Зайырлылық» ұғымы конституциялық негізде мемлекеттің барлық саласында, соның ішінде дін саласында да ашық саясатты ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді. Яғни, зайырлылық - діндарлық немесе діннен бас тарту емес. Елбасы Н. Назарбаев: «зайырлы мемлекет және қоғам - бұл біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлы атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы -бұл озық, толерантты, ашық қоғам. Біз дәстүрлі діндерді қолдаймыз және экстремизмнің кез келген түрін мойындамаймыз. Жастарды радикалды діни ағымдардан қорғау керек. Сондықтан Қазақстанның дін қайраткерлері осы жолда жұмыс істейді деп ойлаймын» деген болатын. Зайырлы мемлекетте діннің өз орны бар. Дін, дегенмен мемлекеттен бөлінген емес. «Зайырлылық» ұғымы мемлекеттің діндегі ұстанымының демократиялық сипатын, діни бостандықты қамтамасыз етуді көрсетеді.

Мемлекет пен діннің арақатынасындағы тірі байланыстар зайырлы және рухани құндылықтардың арақатынасы негізінде орнатылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамыздағы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берген күні: 15.03.2022).
2. Авакьян С. А. Конституционное право России. Учебный курс. Учебное пособие. В 2 томах. Том 1. М.: Норма, Инфра-М, 2014. 864 с.

УДК 342.924

**THE MAIN PRINCIPLES OF ADMINISTRATIVE PROCEEDINGS OF THE  
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Akhmetov Yerik Vulakovich**

[Ahmetov.er-0507@mail.ru](mailto:Ahmetov.er-0507@mail.ru)

*PhD student of L.N. Gumilyov Eurasian National university, Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan c., the Republic of Kazakhstan*

It should be noted that the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev declared 2021 the Year of the 30th anniversary of Independence. The Republic of Kazakhstan has become a prosperous, developing country, well-known in the international arena over the years of Independence.

At the same time, it should be noted that the essence and main purpose of administrative proceedings are disclosed and specified in the principles, fundamental, guiding principles that define its purpose as a set of norms governing the organization and activities of judicial bodies authorized to administer administrative justice [1].

On July the 1-st, 2021, the new Administrative Procedural and process related Code of the Republic of Kazakhstan (*hereinafter referred to as the APPRC*) entered into force. The APPRC of the Republic of Kazakhstan is aimed at regulating public-legal relations arising between an administrative body and a person in respect of whom the public functions of this administrative body established by law are implemented.

There is a certain consensus in the foreign scientific literature regarding the key role of the principles of administrative proceedings in general and administrative procedures in particular. According to K.-P. Sommerman, «... the development of its own legal principles is crucial for the formation of administrative law as an independent subject» [2].

Recognizing these factors, K.-P. Sommerman, within the framework of the analysis of the European experience, identified the following system of principles:

1. The principles of the rule of law and the rule of law are declared as a kind of primary basis, all other principles are proclaimed as derivatives and/or modified from the named fundamental dyad.

2. «Formal (procedural, structural) principles» characterize the ways and means by which administrative bodies should perform the functions assigned to them:

- 2.1. The principle of legality.

- 2.2. Legal guarantee and protection of trust.

- 2.3. The principle of equality and protection of arbitrariness.